

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында БЖЗҚ өз салымшыларына 82 миллиард теңгеден аса қаржы төледі

2020 жылдың алғашқы алты айында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры 226 573 алушыға төлем жасады. Тұластай алғанда жалпы сомасы 82,2 миллиард теңгеге 1 миллионнан астам зейнетақы төлемдері мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар жүзеге асырылды, оның ішінде:

- зейнеткерлік жасқа толу бойынша төлемдер – 30,2 млрд теңге;
- сақтандыру ұйымдарына аударымдар – 19,2 млрд теңге;
- ТТЖ-ға кетуге байланысты төлемдер – 16,8 млрд теңге;
- мұрагерлік бойынша төлемдер – 13,7 млрд теңге;
- жерлеуге берілетін төлемдер – 1,4 млрд теңге;
- мүгедектік бойынша төлемдер – 805 млн теңге.

Бұл ретте кесте бойынша ай сайынғы орташа төлем сомасы (зейнеткерлік жасқа толуға байланысты) 22 535 теңгені құрап, ең жоғарғы ай сайынғы төлем сомасы 506 980 теңге болды.

**БЖЗҚ** 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мулік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыга (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-куй туралы ақпарат береді ([tolysigyrak www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).